

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК Байқау кеңесінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 4 шешімімен бекітілді**

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы үлгілік ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінің немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды

3. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық

міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциясын негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын комиссия орындайды.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциясын атқаратын комиссияны «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК Байқау кеңесінің (бұдан әрі – Байқау кеңесі) шешімімен белгіленеді.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өз өкілеттігін атқарушы органға, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

8. Егер заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Үлгілік Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен

тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Байқау кеңесі бекітеді.

## **2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері**

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК және оның қызметкерлеріне сәйкес Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыруға мониторингты қамтамасыз ету болып табылады.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз етуі;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

11. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары:

1) мыналарды әзірлеуді қамтамасыз етеді:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішік саясатын;

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да мүдделер қақтығысын анықтау жйне реттеу ішкі саясатын;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу және бұзылуы мүмкін фактілер туралы ақпараттандыру тәртібін реттейтін құжат;

корпоративтік әдеп және тәртіп мәселелерін реттейтін құжат;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, жинақтауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелді) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшылары мен «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек

ауруханасы» ШЖҚ КМК бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға қатысады;

5) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинг жүргізеді;

6) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелерін сақтауына бақылауды қамтамасыз етеді;

9) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындалуына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек

ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыйлықтар алу және сыйлау мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттын тыңдайды;

19) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК басшылығына «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, қызметті ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар енгізеді;

20) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінің ерекшелігіне қарай егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс, іскерлік этика, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

13. Байқау кеңесінің шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындау жүзеге асырылады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеу шарттары айқындалады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

15. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК басшысының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін лауазымдық нұсқаулықтармен не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құжаттармен айқындалады және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК басшысы бекітеді.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы Байқау кеңесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныс береді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның басқа құрылымдық бөлімшелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жіберілетін құжаттар мен сауал хаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

20. Өз қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдар, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Байқау кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын

бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК басшылары мен басқа қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) Өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы қызметкерлердің хабарлауы не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

21. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК және оның аффилиирленген тұлғалары туралы құпия ақпаратты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпаратты, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса сақтайды;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-де сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Байқау кеңесін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

5) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби әдепті сақтайды.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері міндетті емес:

1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға құқылы;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалануға;

4) Іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға құқылы;

6) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға міндетті.

23. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК басшылығына мыналар қажет:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндетті.

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы ол жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстыққа негізінде құрылған.

25. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мына жолдармен жәрдемдеседі:

1) осы Ереженің (2-тарау)14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) Анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

### **3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептілігі**

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің талдау жүргізілгеннен кейін не тексеру аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-не, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жөнінде ақпарат жолдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау хаты бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК-да қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жөнінде қосымша ақпарат жолдайды.

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мерзімді түрде Бақылау кеңесіне есеп береді.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК басшысы тарапынан болуы мүмкін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға хабарласады.